

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-
қимыл Кеңесі туралы ереже

Нормативті құжат түрі

Баспа №1 « 28 » тамыз 2020ж.

П 017-1.01-2020

**Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ**

Алматы
2020

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
«Т.Қ. Жұргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы»
Ғылыми кеңесімен

«28 » 10.08.2020 ж.



А.Ж. Абдуалиев

Жалпы ережелер

1. Осы Ереже «Т.Қ. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қымыл жөніндегі
Кеңестің (бұдан әрі – «Кеңес») қызмет тәртібін, міндеттері мен құзыретін
анықтайды.

2. Осы Ережеде Т.Қ. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі Кеңестің
барлық мүшелері өз жұмысында келесі құжаттарды:

- ҚР Конституциясын;
- ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін;
- ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» заңын;
- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл
туралы» Заңын;
- ҚР «Білім туралы» Заңын;
- «ҚР Мәдениеті туралы»;
- «Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы»;
- «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы»;
- ҚР МСМ «Т.Қ. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
этикалық нормалар Кодексін,
- Т.Қ. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы стандартын басшылыққа алады.

3. Кеңес әкімшілік-басқару қызметкерлері, құрылымдық
бөлімшелердің, профессорлық-окытушылық құрамның, қызмет көрсетуші
және оку-көмекші қызметкерлерінің, студенттердің сыбайлас жемқорлық
 себептерін және оларға ықпал ететін жағдайларды жою, сыбайлас жемқорлық
 фактілері мен оның көріністерін анықтау және жолын кесу жөніндегі қызметін
үйлестіру мақсатында құрылады. Кеңес кеңесші орган болып табылады және
Кеңес мүшелерінің құрамы Академия бойынша бұйрықпен бекітіледі.

4. Кеңес сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру процесінде
жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, құқық қорғау органдарының,
мемлекеттік билік органдарының өзара іс-қымылын қамтамасыз ету үшін
Ғылыми кеңес шешімінің негізінде құрылған тұрақты жұмыс істейтін кеңес
болып табылады.

2. Кеңесті қалыптастыру тәртібі және оның қызметі

5. Кеңес мүшелерінің құрамы Т.Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӘА-ның Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады және бекітіледі.

6. Кеңес құрамы жыл сайын жаңартылып отырады.

7. Кеңес құрамына:

- ӘБҚ – Әкімшілік-басқару қызметкерлері өкілі (дері) ;

- ПОҚ – Прессорлық-оқытушылық құрам өкілі (дері) ;

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру» бөлімінің өкілі;

8. Кеңес төрағасын академия ректоры тағайындейды.

9. Кеңестің жұмысы кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жасалатын және Кеңестің шешімімен бекітілетін жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Кеңес отырыстарын өткізу күні мен уақытын Кеңес төрағасы белгілейді.

11. Кеңес отырыстары тек қана түскен шағымдар бойынша нақты мерзімсіз өткізіледі.

12. Кеңестің кезектен тыс отырысына қызметкердің тарарапынан құқық қорғау, сот немесе өзге де мемлекеттік органдардан, БАҚ, мемлекеттік ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан, азаматтардан, білім алушылардан алынған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы ақпарат негіз болып табылады.

13. Кеңеске ақпарат жазбаша түрде ұсынылады. Оnda мынадай мәліметтер болады: Академия қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты және оның атқаратын қызметі; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісінің сипаттамасы;

14. Кеңес отырысына төрағаның келісімі бойынша талқылануға қатысуға және талқыланатын мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар академия қызметкерлері шақырылады.

15. Қаралатын мәселелерге байланысты Кеңес отырыстарына қатысуға Кеңес төрағасының келісімі бойынша өзге де қызметкерлер тартылуы мүмкін.

16. Кеңес мүшесі азаматтардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді және кеңес отырысында қаралатын (қаралған) басқа да құпия ақпаратты жарияламау туралы өз еркімен өзіне міндеттеме қабылдайды. Кеңес алған ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау туралы заңнамада көзделген тәртіппен ғана пайдаланылуы мүмкін.

17. Кеңес шешімдері отырыста ашық дауыс беру арқылы қатысып отырған Кеңес мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады және ұсынымдық сипатта болады, Кеңес төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді, ал қажет болған жағдайда, егер қолданылып жүрген зандарда өзгеше көзделмесе, ректордың тиісті бұйрықтары мен өкімдерін қабылдау

жолымен іске асырылады. Кеңес мүшелері шешімдер қабылдау кезінде тең құқықтарға ие болады.

18. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша хаттама ресімделеді, оған Кеңес отырысында қаралған құжаттар қоса беріледі.

19. Кеңес отырыстарының хаттамаларында: төрағалық етушінің, отырысқа қатысқан Кеңес мүшелерінің және шақырылған адамдардың тегі; отырыс барысында қаралған мәселелер; қабылданған шешімдер көрсетіледі. Кеңес отырыстарының хаттамаларына мәселелерді қарау кезінде пайдаланылған материалдар, егер олар бар болса, Кеңес мүшелерінің ерекше пікірлері қоса беріледі.

3. Кеңес қызметінің сипаттамасы

20. Кеңестің негізгі міндеттері:

- сыйбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- академияның құрылымдық бөлімшелерінде олардың ерекшеліктерін ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың оңтайлы механизмдерін жасау;
- сыйбайлас жемқорлық проблемалары бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру және мониторингтің бірыңғай жүйесін құру;
- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы насиҳат пен тәрбиені жүзеге асыру;
- ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру.

21. Кеңестің функциялары:

- Академияның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының басым бағыттарын әзірлеуге және іске асыруға қатысады.
- ҚазҰӘ-ның басқару органдарының сыйбайлас жемқорлық себептерін және оларға ықпал ететін жағдайларды жою, сыйбайлас жемқорлық фактілері мен оның көріністерін анықтау және жолын кесу жөніндегі қызметін үйлестіреді.
- Академия қызметкерлері мен білім алушыларының сыйбайлас жемқорлыққа байланысты шағымдары мен өтініштерін қарау мәселелері бойынша қызметкерлерді ақпараттандыру және мониторингтің бірыңғай жүйесін қалыптастырады.
- Академияда сыйбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шараларды іске асыруға бағытталған ұсыныстар енгізеді.
- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат субъектілеріне қызметкерлердің, сондай-ақ ҚазҰӘ-ның білім алушыларының қызметтік мінез-құлқының жалпы қағидаларын практикада қолдануға байланысты мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсетеді
- Сыйбайлас жемқорлықты ескертуге (алдын алуға) және сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерін анықтауға бағытталған

шараларды іске асыру бойынша құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

22. Кеңес мүшелерінің жауапкершілігі:

23. Кеңес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеудің сапасына, сондай-ақ осы Ережемен жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына жауап береді.

24. Төраға Кеңес мүшелерінің қызметіне жауап береді.

25. Кеңес мүшелері жүктелген міндеттерге адал қарамаған жағдайда, оларды сапасыз орындау кезінде тәртіптік жауапкершілікке тартуы мүмкін.

4. Жауапкершілік

26. Осы Ереже Ғылыми кеңесте бекітіледі.

27. Ережені әзірлеу, оның құрылымы, енгізу және өзектендіру үшін Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бөлімінің басшысы мен Заң бөлімі жауап береді.

28. Ереженің уақтылы әзірленуін, тексерілуін және қайта қаралуын бақылауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жастар саясаты мәселелері жөніндегі қызмет басшысы жүзеге асырады.

29. Кеңесте қарастырылатын мәселелерді және кеңесте қабалданған шешімдерді тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры қадағайлайды.

30. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

5. Кеңестің Өкілеттігі

31. Кеңес Академияның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіреді.

32. Кеңес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жетілдіру бойынша Ғылыми кеңестің қарауына ұсыныстар енгізеді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жетілдіру бойынша жергілікті нормативтік актілерді дайындауға қатысады.

33. Кеңес төрағасы және кеңес мүшелері:

- Академияның құрылымдық бөлімшелерімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру мәселелері бойынша;

- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті жетілдіру, кеңес құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті нормативтік актілерді дайындауға қатысу, Алматы қаласының мемлекеттік билік атқарушы органдарында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

шараларын іске асыру нәтижелері туралы хабардар ету мәселелері жөніндегі
Ғылыми кеңеспен;

- құқық қорғау органдарымен сыйайлас жемқорлықты ескертуге (алдын алуға) және сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілерін анықтауға бағытталған шараларды іске асыру бойынша тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

**Сыйайлас жемқорлыққа
қарсы мәдениет қалыптастыру
бөлімінің басшысы**

Ә.Ә. Әнуар

КЕЛІСІЛДІ:

Заң бөлімінің басшысы

Г.Д. Сейтбекова

**Тәрбие жұмысы және әлеуметтік
мәселелер жөніндегі проректор**

Ш.Қ. Ергөбек